

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 7 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттерін таныстыру.
2. «Балаларды балабақшаға бейімдеу жолдары»баяндама
3. Ата-аналар комитетін сайлау

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева сөз алып 2022-2023 жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттерін таныстырып өтті. Осы оқу жылының жоспарына іс-шараларына жаңадан қосылған ата-аналарды да белсене қатысуын сұрады. Сондай-ақ білім беру мен тәрбиелеу процесіне енгізілген өзгерістер бойынша да түсіндірді. Ұжым болып және ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне, еркін өсіп жетілуіне дамуына жауапкершілікпен қарап жағдай жасалынуы керек екенін айтты.

2. ТЫҢДАЛДЫ


Келесі мәселе бойынша, бөбекжай психологы Ж.Нуралиева «Балаларды балабақшаға бейімдеу жолдары» тақырыбында баяндама оқыды. Ата-аналарға осы тақырып бойынша кеңес беріп баланың жаңа ортаға бейімделуіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Онда балабақшаға жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңінде туындайтын қиындықтар мен оларды шешудің жолдары туралы айтты. Сонымен қатар, бейімделу үрдісінің кезеңдеріне тоқталды, ол әр баланың мінезіне байланысты өтетінін айта келе бұл қиындықтан ата-ана мен педагог бірге жол тауып шығатынына сендірді.


3. ТЫҢДАЛДЫ

Үшінші мәселе бойынша, ата-аналар комитетін қайта сайлауға ұсыныс тасталды. Ата-ана Ж.Оразымбетова сөз кезегін алып Э.Медеубаева, А.Турлыбайды ал, көмекшілері болып Б.Серикбаева, М.Махатова болып бекітуді ұсынды. Ата-аналар бір ауыздан келісіп сайлады.

Жиналыстың шешімі:

1. Жаңа оқу жылының жоспары мен міндеттері таныстырылды деп есептелінсін.
2. Тәрбиеленушілердің бөбекжайға бейімделу жұмысы жалғастырылсын.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы болып Э.Медеубаева мен А.Турлыбайды көмекшілері болып Б.Серикбаева мен М.Махатова белгіленсін.

Ата аналар төрайымы:  Э.Медеубаева ; А.Турлыбай

Мүшелері:  Б.Серикбаева  М.Махатова

«Ақарыс»бөбекжайы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 22 желтоқсан 2022 жыл

Күн тәртібінде:

1. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары.
2. Балалармен ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарының есебі .
3. Әр түрлі мәселелер

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша,бөбекжай меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушы Ж.Нуралиева сөз алып,балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Ата-аналар серуен кезінде ,үй жағдайында ,ойын барысында баланы жалғыз қалдыруға болмайтыны жөнінде кеңес айтты.Терроризмнің алдын алу мақсатында балаға бөгде адаммен қыдыруға ,сенуге болмайтынын айтып түсіндіру,ескерту керек.Мерекелік демалыс күндері ата-аналар балалардың қауіпсіздігін сақтап алдын алу керектігі түсіндірілді.

2. ТЫҢДАЛДЫ


Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері А.Кемелбекова мен С.Сарыбаева сөз алып балалармен ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарының есебін айтып өтті.Балалар алғашқы келгеннен бақшаға бейімделіп,ортада өздерін еркін ұстап тәрбиешінің нұсқауымен түрлі іс-әрекеттерді қызығушылықпен орындайтынын айтты.Түстерді ажыратуға ,тура және кері санауға ойындар ережесін сақтауға, қарым-қатынасқа үйренген.Шығармашылық қабілеттері де дамуда .Сөздік қорлары көбейіп ,гигиеналық талаптарды өз беттерінше орындауға дағдыланған.

3. ТЫҢДАЛДЫ

Келесі мәселе бойынша бөбекжай ата-аналары әртүрлі мәселелерді талқылады. Балалардың тамақтануы,қатысуы төлем ақысы,ертеңгіліктерге қатысуы дайындығы жөнінде өзара ой бөлісіп пікір алмасты.

Жиналыстың шешімі:

- 1.Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі бойынша ережелер таныстырылды деп есептелінсін.
- 2.Тәрбиеленушілер себепсіз бөбекжайдан қалмасын.Төлем ақысы уақтылы төленуі жалғастырылсын.
3. Балалармен ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарының есебі берілді. «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Ата аналар төрайымы:  Э.Медеубаева  А.Турлыбай

Мүшелері:  Б.Серикбаева  М.Махатова